

**Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 27 наурыздағы № А-3/55 "Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандарының лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 мамырдағы № А-5/116 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылдың 23 мамырында № 1-16-127 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № А-13/407 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 25.12.2013 № А-13/407 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 18 бабының 2 тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Сандықтау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 наурыздағы № 25/4 «Мәслихаттың 2008 жылғы 14 наурыздағы № 4/9 «Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандарының лауазымдарының тізбесін келісу туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімінің негізінде, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сандықтау ауданы әкімдігінің «Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандарының лауазымдарының тізбесін анықтау туралы» 2008 жылғы 27 наурыздағы № А-3/55 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 1-16-77 нөмірімен тіркелген, «Сандықтауские вести» газетінде 2008 жылдың 14 мамырында жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандарының лауазымдарының тізбесінде:

2 тармақта:

«мемлекеттік мекеменің, қазыналық кәсіпорынның, орталықтың басшысы» деген жолдағы «орталықтың» деген сөз алып тасталсын; «балетмейстер; дыбыс режиссері.»; деген жолдармен толықтырылсын;

«кітапхана меңгерушісі» деген жолмен толықтырылсын.

2. Сандықтау ауданы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сандықтау ауданының әкімі*

*Қ.Сүйіндіков*